



Өртке қарсы профилактика




Орындаған: Манбай А




Өртке қарсы кедергілер.

Өрт кезінде от жалынының үй көлемінде жайылып, өрістеуін шектеу үшін әртүрлі кедергілер орнатылады: өртке қарсы қабырға (Брандмауэр), жабын, қалқа, есік, қақпа, үй аралығы, люк, тамбур, шлюз, т.б. Бұл кедергілер жанбайтын материалдардан жасалынады.



Брандмауэр дегеніміз от төзімділік шегі 2-3 сағаттан кем емес жанбайтын бітеу қабырға. Ол фундаментке орнатылып, үйдің барлық элементтерін тігінен кесіп өтіп, шатырдан 30-60 см жоғары шығып тұрады. Брандмауэр үйді бірнеше бөліктерге бөледі. Сондықтан, егер өрт бір бөлікте шыққан болса, от бұл қабырғадан өтпей, басқа бөліктерге тарамайды. Сөйтіп өрттің өрістеуі азаяды.




Өрт сөндіру құралдары

- 1. Ең көп тараған әдіс-су.** Тұтқырлығы аз болғандықтан су жанғыш заттың, жану ошағынан жылуды тез тартып алады. Бірақ суды кернеу астында тұрған электр қондырғыларды сөндіруге болмайды, себебі су арқылы электр тоғымен зақымдануға болады. Өрт сөндіру үшін су қаланың су құбырынан, арнайы өрт сөндіру қойнауынан және резервуарлардан алынады.
- 2. Жану ошағына ауадағы оттегі 16 пайызға дейін азайту үшін жанбайтын бу мен газды кіргізу.** Бұл әдіс сұйықты сөндіруге қолайлы.
- 3. Көбіктің өрт сөндіргіш қасиеті-оның меншікті салмағы аз болғандықтан жанған (әсіресе сұйық) заттардың бетін жауып, оларға ауаның оттегін өткізбей жану процесін тоқтатады және заттарды біршама салқындатып, температурасын төмендетеді.**

- **4. Өртті инертті газдармен сөндіру.**Өрт сөндіргіш газдарға жатады:көмір қышқыл газы,азот,аргон, гелий,түтін және пайдаланған газдар.Бұл газдар жабық бөлмеде шағын өрттерді өшіруге қолданылады.Бөл газдар электр тоғын өткізбейді, сондықтан оларды электр қондырғыларын және бағалы дүниелерді сөндіруге қолдануға болады.
- **5. Өртті минералды ұнтақтармен өшіру.**Олардың өрт сөндіру әсері өрт ошағын ауадан оқшаулауға және қызғанда көмір қышқыл газын шығаруға негізделген.Ұнтақтар электр тоғын өткізбейді, адамдарға және металларға зиянды әсер тигізбейді.



- 
- **6. Өртті құм не жапқыштармен сөндіру. Бұл заттар шағын өртті сөндіруге қолданылады. Құмды жанған жерге сеуіп оны жапқышпен жабу керек. Бұл жағдайда жану зонасы ауадан оқшауланып, жалын басылып, жану процесі тоқтатылады. Жапқыштар: киіз, асбест, брезент тағы басқа материал түрінде болады.**
 - **Жоғарыда көрсетілген от сөндіргіш заттардың ішінде су мен көбік ең бастысы болып есептелінеді. Сондықтан олар өрт сөндіру тәжірибесінде кеңінен қолданылады.**

Өнеркәсіптегі өрт пен жарылыстың негізгі себептері

- Технологиялық процестердің бұзылуы - 33%;
- Электрқондырғылардың істен шығуы - 16%;
- Майлы Еден мен өздігінен жануға бейім басқа да материалдардың өздігінен жануы - 10%

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жалпы шаралар

Өрт қауіпсіздік ережелері мынадай:

- Аумақты жанғыш материалдардан тазалап, қоқыстарды жинау.
- От көздері болып табылатын заттарды алып тастау, оның ішінде аумақта темекі шегуге тыйым салу, электрприборларды қосу т.б.
- Төтенше өшіру.
 - Сигнализация.
 - Төтенше өрт сөндіру жүйесі (шашқыш)



Бірінші қолданылатын өрт сөндіру құралдары



Өрт сөндіру үшін бірінші қолданылатын құралдар стационарлық, жылжымалы құралдар. Оларға мыналар жатады: Өрт крандары, әр типті от сөндіргіштер, құм толтырылған жәшіктер, қажетті сайман ілінген өрт тақталары, су құылған ыдыстар, әр түрлі жапқыштар.



Өрт қауіпсіздік белгілері

Эвакуация жолында қолданылатын белгілер



- Қосалқы шығу



- Қосалқы шығу есігі



- Қосалқы шығуға бағыт
(сатымен жоғары)



-Қосалқы шығуға бағыт



Өрт қауіпсіздік белгілері

Өрт-техникалық өнімдер үшін белгілер



- Өртсөндіргіш



-Пожарный кран



- Өртке қарсы қондырғыларының орналасу орны

Өрт қауіпсіздік белгілері

Жанғыш заттар аймақтары үшін белгілері, сондай-ақ темекі шегу орындары



- Шылым шегуге тыйым салынады



- Ашық от қолдануға және шылым шегуге тыйым салынады



- Шылым шегу орны



- Өртке қауіпті, тез жанғыш зат.

